

**2020 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 20035 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2020 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

А. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 12 ақпандағы № 60  
бұйрығына қосымша

**2020 жылға арналған студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс**

Студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберіндегі қаржыландырудың жылдық көлемі	Қаржыландырылатын орындар саны	Жатақхана салынған жағдайда жатақханадағы бір орын үшін студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырыстың жылдық мөлшері	жағдайда жатақханадағы бір орын үшін студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырыстың жылдық мөлшері
4 218 393 тыс. тенге	20 000	1) сейсмикалық қауіптілігі 9 балл және одан жоғары, сондай - ақ студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін жатақханалардағы орындардың тапшылығы жалпы республикалық қажеттіліктің 20 пайызынан жоғары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда құрылыс салынған жағдайда – қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) есептегенде, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 144 еселенген мөлшері	Қ Қ С есептегенде, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 47 еселенген мөлшері